

**Сабақтың
тақырыбы:
«Математика –
халық ауыз
әдебиетінде»**



Сабақтың мақсаты:

- 1. оқушылардың математикалық сауаттылық деңгейін анықтау.**
- 2. оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін, шапшаңдығын, тапқырлығын арттыру.**
- 3. сурақтарға математикалық тілмен жауап беру .**

Сабақтың жоспары:

- Топтарды таныстыру.
- Мақал-мәтелдерді білеміз бе?
- Сөз жұмбақтар.
- «Абай» ауылына қалай жетемін?
- Логикалық есептер.
- Қорытынды.

Мақал-мәтелдерді білеміз бе?

...еу түгел болса,
Төбедегі келеді.

Ерінген ... Істейді.

Білгенің,
Білмегенің ... тоғыз.

Бесік баласы ... түлейді.


Еңбегің егіз болса,
Байлығың ... болады.

Ердің сөзі ...еу,
Ердің көгі – ...еу.

... атасын білмеген,
Жетімдіктің белгісі.

... .. мүшең сау болса,
Қара басың ханмен тең.


"Сөз құмбақтар"



||

||

ip










|| Авантюрна ||
аурубна Катон жетемин?

ӘРІ ОҚУ, ӘРІ ОЙЫН

«Абай» ауылына жету үшін берілген сұрақтарға дұрыс жауап беру керек. Асықты ортаға тастап, қай саңды көрсетсе, сонша ауылдан өтіп, мұғалімнің көмегімен сұраққа жауап айту керек. Егер жауап дұрыс айтылса, асықтағы нөмірмен алға жылжып отырады. Ең алғаш жеткен ойыншы жеңімпаз атанады. Ендеше, іске сәт!



1-6 жұмбақтар

1.Әр күн сайын жыртылды

Өміріміз бір жылдық.(...)

2. Жүз мүйізі бар,

Үстінде киізі бар.(...)

3.Қос құлақты жүз тісті,

Жүзінен бір ақ із түсті.(...)

4.Екі қатар тал шыбық,

Күндіз алыстайды,қабыспайды.

Түнде қабысады,жабыспайды.(...)

5.Жаңылмастан жетеуі

Кезек қызмет етеді. (...)

6.Алды артымыз шексіз де

Жете алмайсың біздерге

Сәуле менен кесінді,

Шыққан еді біздерден. (...)

7-10 байырғы қазақ өлшемдерінен.

7. Халық арасында жылқыға байланысты қандай қашықтықты, уақытты, қалыңдықты білдіретін өлшемдік мәні бар сөздер жиі айтылады?

(«ат шаптырым жер», «бие сауым уақыт», «екі елі қазы»)

8. Ағылшынның дюйм (голландша – үлкен саусақ) өлшемі қазақ халқының байырғы қандай өлшеміне сәйкес келеді?

(«бармақ»)

9. Сұқ саусақтың еніне тең ұзындық бірлігі (шамамен 2 см). Қазы майының қалыңдығы, ою-өрнектің мөлшері, т.б. ... өлшенген.

(Елі)

10. Иық деңгейіне сәйкес кере созылған екі қол ұшының арасына тең ұзындық бірлігі?

(Құлаш)

11,12,13 Абай өмір баяны.

11. Абай ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашады да, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі қай медреседе оқиды?

(Ахмет Риза)

12. Абайдың қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Абайдың қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан қандай журналда жарық көрді?

(Абай)

13. «Атымды Адам қойған соң қайтып надан болайын» деп артына ізін қалдырып кеткен, Абай атамыздың қара сөздері қанша?

(45)

14-19 қасиетті сандар.

14. Үш із, Үш мақсат, Үш алыс.

Үш із: бала, байлық, бақыт – білім.

Үш алыс: жер мен көк, жас пен кәрі, жақсы мен жаманның арасы.

Үш мақсат: Саудагер мақсаты – ұту, жол мұраты – жету, дау мұраты – біту.

15. Төрт тұлға, Төрт құбыла, Төрт күнә.

Төрт тұлға: от, су, жел, жер.

Төрт құбыла: Шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік.

Төрт күнә: Аллаға күмән келтіру, нақақтан қан төгу, ата-анаға тіл тигізу, өтірік куә болу.

16. Бес қару, Бес өсиет, Бес қатер.

Бес қару: садақ, мылтық, найза, қылыш, айбалта.

Бес өсиет: топасқа сенбе, жауға иілме, әрқашан сақ жүр, аш үйге қонба, жарлыдан сый алма.

Бес қатер: от, жау, борыш, ауру, сөз.

17. "Жеті" сөзімен байланысты халқымызда қандай сөздер бар?

(жеті қазына, жеті күн, жеті жұрт, жеті жоқ, жеті жұт, жеті ғалам, жеті қат көк, жеті ғашық)

18. Жеті қазына, Жеті ата, Жеті жетім.

Жеті қазына: ер жігіт, сұлу әйел, берен мылтық, , ақыл, білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, жүйрік тазы.

Жеті ата: әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат.

Жеті жетім: Тыңдамаған сөз жетім,

Киюсіз тозған бөз жетім,

Иесіз қалған жер жетім,

Басшысы жоқ ел жетім,

Аққу-қазсыз көл жетім,

Жерінен айырылған ер жетім,

Замандасы қалмаса –

Бәрінен де сол жетім.

19. Халқымыздың қасиет тұтатын тағы да бір саны - қырық. "Қырық" сөзімен байланысты қандай ырым, дәстүр, сенімдерді білесіңдер?

(Нәрестенің мойны бекіп, қырық күн толғанда "Қырықынан шығару"

деген ырымы бар. Өлген адамның "Қырқын беру" дәстүрі де бар.

Халқымыз келген қонақты "Қырықтың бірі - қыдыр" деп қарсы алу

т.б.

20-22 уақыт өлшеуіштеріне

20. 1сағ 5мин минут арқылы өрнекте.

(65минут)

21. 1тәул 3сағ., сағат арқылы өрнекте.

(27сағат)

22. 1жыл 7ай, ай арқылы өрнекте.

(19 ай)

1. **Логикалық есептер.**

1. Айжан мен Маржанның әкелерінің аттарын ата. Айжан мен Маржан – Асқар мен Мұраттың қыздары. Айжан Асқардың қызынан үш жас кіші болса, бұлардың әрқайсысының әкелерінің аты кім?

(Айжан – Мұраттың, Маржан – Асқардың қызы)

2. Олар қандай баға алды?

Әсем, Ардақ, Анар, үшеуі математикадан бақылау жұмысынан қандай баға алғанын сұрағанда, мұғалім:

-- Ешқайсысың жаман баға алған жоқсыңдар, бірақ әрқайсысыңның бағаң әр түрлі. Әсемнің бағасы «3» емес, ал Анардың бағасы «3»-те «5»-те емес деді. Сонда әркім қандай баға алған?

(Әсем – «5», Анар - «4», Ардақ – «3» алған).



Қорытындылау.



"Корпорация монстров" (Құбыжық) тапсырмасы: Ребус шешу

1. Бөлшектерді өсу ретімен жаз;
2. Бөлшектердің қатары бойынша әріптерді орын-орнына қойсақ, қандай сөз шығады?

$3/4$	$1/4$	$1/3$	$2/3$	$1/6$	$1/2$
У	Е	Ң	Д	Т	Е



***Назар
аударғандарыңызға
рахмет!***